

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/JA004112>***Б. Ә. Ысқақ**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
*e-mail: ysskak.b@teachers.tou.kz

ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ТАРИХИ ПОЭТИКА

Мақалада қазіргі қазақ әңгімесіндегі тарихи поэтика мәселесі қарастырылады. Жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Көкенай мен Қалқаман», «Ереймен мен Ақынай» әңгімелерінде әдебиеттанудағы образды ойлау синкретизмі және оның формаларының байқалуын және оның қазақ прозасында тарихи құндылықтарды қазіргі заманмен байланыстырып, мәдени байлықты ұрпаққа дәстүр мұраны байыту және қайта шешу үшін өрнектегенін пайымдаймыз. Жазушының әдебиеттанушы ретінде де, шығармашыл тұлға ретінде де, азаматтық позиция тұрғысынан да поэтикадағы көркем модальдылықты автор қолданған сөз арқылы тану-зерттеу міндетін қойып, өз тарапымыздан сюжеттің поэтикадағы көркем модальдылықты құрушы фактор болатын мәселесін ұсынамыз. Мәселенің теориялық негізделуін ресей әдебиеттануында зерттеуші ғалым Н. Д. Тамарчинконың «Әдебиет теориясы» қарастыратын теориялық поэтиканы толықтыратын тарихи поэтика жайында түсініктен алдық. А. Н. Веселовский құрған, сол ізденісті дамытып жалғаспалы зерттеген еңбек – тарихи поэтика бойынша мәдениеттанушы, тарихшы, әдебиетшілерге арналған алғашқы оқу құралы екендігімен маңызды. Теориялық әдебиеттанудың осы саласының негізгі мәселелері – әдебиеттің өзі де, оның мәнді категориялары: авторы мен кейіпкері, сөзі мен бейнесі, сюжеті, жанрлары және тағы басқа әдебиеттің дамуының барлық кезеңдерін қамтитын және бір тақырыпқа жазған екі авторды салыстырмалы материалда талдап, нақты жазушының туындысымен байланыстыра аламыз. Айгүл Кемелбаеваның «Көкенай мен Қалқаман», «Ереймен мен Ақынай» әңгімелеріне пікір білдірген бірнеше әдебиеттанушы, жазушы түйінін қорытындылап, сол негізде ізденіс қорытындысы мәтінтану, мәтін талдау жұмысында саралау мүмкіндігімен жалғасты.

Зерттеуші А. Федорованың орыс әдебиетіндегі тарихи поэтика туралы талдауларды жинақтап құрастырған еңбегінде қарастырған теориялық поэтика мәселесі тұжырымдарын жалғастырдық. Қарастырылатын қазақ әңгімесіндегі автордың дәстүрлі тарихи шындыққа заманауи ой-шешімі, кейіпкер тағдыры тармақтарын жаңаша пайыммен өрнектеуін зерттеуге мүмкіндік берді. Сондықтан жазушы Айгүл Кемелбаеваның әңгімесі арқылы көркем мәтіндегі тарихи поэтика мәселесі жеткілікті дәлелмен ашылады. Тақырыпты зерттеуде көркем шығармашылықтағы адамның өзіне-өзі бағдарлама жасауы және өзін-өзі таңуы мәселесі таңдалды. Автор мәтінінің энергетизмі қаралды. Әдеби туындыны қабылдаудың синергетикалық аспектілері ескерілді. Әдебиет теориясын нақты көркем шығарманың мағынасына енудің жолы мен құралы ретінде қарастыру мақсатын орындадық. Салыстырмалы тарихи әдіс – тарихи өзгерістердің табиғатын, себептері мен салдарын түсінуге, сондай-ақ тарихи процестің заңдылықтарын ашуға көмектесетіні басшылыққа алынды.

Кілтті сөздер: теориялық поэтика, тарихи поэтика, көркем образды құру, лингвистикалық құралдар, қазіргі қазақ әңгімесі, көркем мәтін, авторлық транскрипция, жазушы Айгүл Кемелбаева.

Кіріспе.

Жазушы, әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева шығармашылығындағы екі әңгіме «ТМД елдеріндегі заманауи әдебиет» антологиясына енді. Сегіз қазақ жазушысының, жалпы проза жанры бойынша он бір елден тоқсан төрт автордың шығармасы орыс тіліне аударма жасалды. Өр ұлттың өз ішінде өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген туындылар іріктеліп, антология арқылы соңғы отыз жылда дүниеге келген көркем шығармалар жаңа оқырмандарын тапты, әлемдік көркем үдерісте жаңарған ұлттық нақышын таныстырды [1]. Әдебиеттануда ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде модернизм басталса, антологияға енген соңғы отыз жылдың басы ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы қазақ әдебиетіндегі постмодернистік үрдістердің көрінісі деп аталып жүр. Қазақ әдебиеттануының тұжырымдамалық базасы жаңаша пайымдалды, жабық тақырыптар зерттеле бастады, Алаш әдебиеті қайта оралды. Мұның бәрі жазушы шығармашылығына ықпал етті. Қазақ әдебиетіндегі проза жанры әлем әдебиетінде Шекспирден танылған отыз үш тақырыпқа өз үлесін қосты. Сондықтан әдебиетіне сәйкес әдебиеттануы да мифология, модернизм, постмодернизм, структурализм және постструктурализм тақырыбына арналған зерттеулермен толықты. Айгүл Кемелбаеваның «Көкенай мен Қалқаман» әңгімесі Шәкәрім

Құдайбердіұлының есімі жаладан ақталып, оның туындыларымен танысу арқылы Дала философиясына қаныққан қазақ жазушысының түрленген шығармашылығы және әдебиеттанудың тарихи поэтикасын көрсететін бағыт деп танимыз.

Материалдар және әдістер.

Айгүл Кемелбаеваның «Көкенай мен Қалқаман» [2], «Ереймен мен Ақынай» [3] әңгімесі талдау нысаны ретінде алынды. Әдебиет теориясын нақты көркем шығарманың мағынасына енудің жолы мен құралы ретінде қарастыру мақсатын орындау әрекетімізде жазушының стилі мен орфографиясы, тыныс белгісі сақталды.

Тақырыпты зерттеуде көркем шығармашылықтағы адамның өзіне-өзі бағдарлама жасауы және өзін-өзі тануы мәселесі таңдалды. Автор мәтінінің энергетизмі қаралды. Әдеби туындыны қабылдаудың синергетикалық аспектілері ескерілді. Зерттеу әдісі ретінде салыстырмалы тарихи әдіс таңдалды.

Нәтижелер және талқылау.

Бұл мақаланың мақсаты – қазіргі әдебиеттегі әңгіме жанрының, кейіпкерлер әлемінің, жазушы Айгүл Кемелбаеваның тарихи поэтика дискурсында жақын шет ел әдебиетіне танылып, оқырмандар мен әдебиеттанушыларына қазақ әдебиетінің тарихқа, болмысқа қатысты дүниені тануына мүмкіндік берген, антологияға енген екі әңгіме «Көкенай мен Қалқаман», «Ереймен мен Ақынай» бойынша зерттеу болмақ.

Автордың бейнелеу шеберлігіне байланысты аталған әңгімелер көркем әдебиет мәселесінің Г. Пospelов бойынша төрт типологиясы негізінде ұлттық-тарихи түріне жататынын ерекшеледік.

Қазақ әңгімесінде әдебиеттегі бір тақырыпқа («Қалқаман») бірнеше (Ш. Құдайбердіұлы, А. Кемелбаева) автордың жазған көркем ой элементін қолданған автор идеясы шығарма мәтінінде бағдарланды. Жазушыдағы құндылық төркінін, Айгүл Кемелбаеваның дүниеге және адамға деген көзқарасын шығарма тақырыбының мәселесі тұрғысында тану, автор ретінде ой-пайымына талдау жасалады.

Сөз реті келгенде орыс әдебиеттанушысы В. Захаровтың: «Тарихи поэтика біздің шетелдік әріптестерімізге түсініксіз» [4, 8 б.], - деп жазған пікіріне тоқталғымыз келеді. Қысқаша қайырылса да, мәнді осы пікір негізінде әдебиеттегі тарихи поэтика мәселесін бағамдадық. Отыз жылға жуық тарихи поэтика пән ретінде дербес оқытылғанымен, оның кең тұрғыда теориялық әдебиетте орын алмау төркініне үңілтті. Біз бұған кіріспе бөлімде тоқталғандықтан, қайталап жатпадық.

Айгүл Кемелбаеваның әдебиеттанудағы тарихи жад және патриоттық рух мәселесі көркемделген «Көкенай мен Қалқаман» әңгімесі

әдебиеттанушыларды, жазушыларды, оқырманын ойландыра алды. Қараңыз: «... мұнда аталар салтына адалдықты, дәстүршілдікті дәріптейді. Осы қасиеттердің бәрін автор Көкенай бейнесіне шоғырландырған» [5], - деген пікір қалдырған жазушы Сәкен Сыбанбай.

Айгүл Кемелбаеваның «Ереймен мен Ақынай» әңгімесіндегі әйел бейнесі тағы бір қырынан, қазақы қалпымен суреттегені жоғарыда келтірілген қысымға ұшырамаған әдебиеті бар шетелдік теорияны зерттеуші ғалымдар үшін сюжет және motif болып қалады. Тереңірек қарасаңыз, бұл тарихи поэтика бағытында ғана әділ бағаланады. Қараңыз, Ақынайдың бейнесі қазақ оқырманы, әрі мәдениеттанушысы Әуезхан Қодар үшін тарихи жад, сондықтан ол: «ұлт анасы болуға әрбір қарапайым қазақ әйелінің құдіреті жететініне оқырманды сендіреді» [6], - деп терең түсіне, түсіндіре жаза алады.

Тарихи поэтика – тарихи контексте әдеби форманың, жанрдың, стильдің, сюжет мен мотивтің пайда болуын, дамуын және қызметін зерттейтін әдебиет туралы ғылым. Ол сонымен қатар әдебиеттің өнердің, мәдениеттің және қоғамның басқа түрлерімен өзара әрекеттесуін талдайды. Тарихи поэтика әртүрлі дәуірлер мен халықтардағы әдеби құбылыстардың жалпы және ерекше белгілерін анықтауға мүмкіндік беретін салыстырмалы тарихи әдісті қолданады.

Тарихи поэтиканың негізін қалаушы А. Н. Веселовский болып саналады, ол алғаш рет оны пән ретінде танып, әдіснама мен міндеттерін анықтады [7, 4 б.].

1920 жылы әдебиет туралы кешенді ғылымның құрамдас бөлігі ретінде тарихи поэтика аталды [7, 4 б.].

А. Н. Веселовскийдің теориясын жалғастырушылар Ю. Н. Тынянов, М. М. Бахтин, Я. Пропп, О. М. Фрейденберг, Е. М. Мелетинский еді.

П. Гринцердің зерттеуінде тарихи поэтиканың бірнеше даму кезеңдері көрсетілген: революцияға дейінгі (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы), Кеңестік (1920–1980 жж.) және посткеңестік (1990 ж.). Олардың әрқайсысында сол кезеңге тән мәселелер, тәсіл мен зерттеу бағыттары пайда болды [8, 18 б.].

Тарихи поэтика синхрониядағы, яғни белгілі бір уақытта әдеби үдерістің жалпы заңдары мен принциптерін зерттейтін әдебиет теориясымен тығыз байланысты. Әдебиет теориясы сонымен қатар әдеби шығармаларды талдаудың негізгі ұғымдарын, категориялары мен әдістерін қарастырады.

Көркем шығармадағы тарихи поэтика – бұл автордың өзі жазған тарихи мәнмәтінге сәйкес өз шығармасын жасау үшін әртүрлі поэтикалық құралдарды, жанрды, стильді, сюжет мен уәждемені қалай қолданатынын зерттеу. Тарихи поэтика сонымен қатар көркем шығармалардың тарихи

үдерісті, оқиғаларды, идеялар мен құндылықтарды қалай бейнелейтінін және әсер ететінін талдайды.

Н. Тамарченконың еңбегінде мысалы, тарихи поэтика ХІХ ғасырда өмір сүрген жазушының романтизмді, реализмді, натурализмді және басқа әдеби бағыттарды әлеуметтік мәселелерге, саяси реформаларға, ұлттық бірегейлікке және рухани құндылықтарға деген көзқарастарын білдіру үшін қалай қолданғанын зерттей алатыны беріледі. Немесе ХХ ғасырда шығармасын жариялаған жазушының әлеуметтік өзгерістерді, мәдени әртүрлілікті, технологиялық прогресті және жаһандандуды көрсету үшін модернизммен, постмодернизммен және басқа формалармен тәжірибе жасағанын түсіндіре алады [9].

Тарихи поэтика бүгінгі зерттеушіден, тіпті жазушыдан әдебиетті ғана емес, тарихты, мәдениетті, философияны және басқа ғылымдарды білуді талап етеді. Ол сонымен қатар салыстырмалы тарихи, типологиялық, генетикалық, құрылымдық және тағы басқа сияқты әртүрлі талдау әдістерін қолданады. Тарихи поэтика көркем шығарманың мағынасын жақсы түсінуге, сондай-ақ олардың көркемдік ерекшелігі мен даралығын ашуға көмектеседі.

Көркем шығармалар автордың өз шығармашылығына қандай мақсат мен міндет қойғанына, қандай жанр мен стильді таңдағанына, қандай аудиторияға жүгінетініне, қандай уақыт пен орынды сипаттайтынына, қандай идеялар мен құндылықтарды білдіретініне байланысты әлеуметтік өзгерістерді түрлі жолмен көрсете алады және соғұрлым әсер етеді. Көркем шығарма шындық өмірді бейнелейді, әлеуметтік өзгерістердің қозғау күші де бола алады. Мысалы, көркем шығарма түрлі дәуір мен қоғамдағы адамның өмірі мен мәселесін кейіпкері арқылы көрсете отырып, әлеуметтік өзгерістерді көрсете алады. Көркем шығарма оқырмандарға осы өзгерістер болып жатқан тарихи мәнмәтінді түсінуге, сондай-ақ оларды бастан өткерген адамдардың сезімі мен ойы туралы білуге көмектеседі. Сонымен қатар көркем шығарма адамның санасы мен мінез-құлқына ықпал ету, олардың дүниетанымын, құндылықтарын, мұратын қалыптастыру арқылы әлеуметтік өзгерістерге әкелуі мүмкін. Көркем шығарма жан дүниені байыту мен көркемдікті тану ғана емес, сонымен қатар білім беру, насихаттау, сын, наразылық құралы бола да алады. Көркем шығарма оқырмандардың эмпатия, таңдану, ашулану, үміт, қорқыныш және тағы басқа сезім күйін басынан өткереді. Көркем шығарма адамды түйсігі арқылы әрекетке әкеледі.

Осылайша, көркем шығарма әлеуметтік өзгерістердің маңызды факторы болады.

Жоғарыда айтылғандай, көркем бейнені жасау кезінде ең жиі кездесетін тілдік құралдар А. Светличная еңбегінде мынадай етіп бөлінеді: эпитет, салыстыру, метафора, гиперболола, литота, градация, оксюморон,

даралау [10, 214 б.]. Айгүл Кемелбаеваның «Көкенай мен Қалқаман» әңгімесі алғашқы «Көкте жарқырауық туды. Қалқаман жеті атадан арғы бағзы бабасын түсінде көрді. Ол бұғаз мойнақ су соқпақпен көкжиекке бұлдырай асып барады» [2, 188 б.] деген сөйлеміндегі ой легімен-ақ оқырманын көркемдігімен баурап алады. Зерттеуші Анар Кабдуллина да бірден әңгіме кіріспесіне назарын аударған: «Көк – уақыт, шексіздік. Жердегі қамшы сабындай қып-қысқа бес күннің мәңгілік бақылаушысы. Түс – аян. Алдағы болатын жайдың хабаршысындай. Ат жалын тартып мінген небір жүрегі түкті ерлердің дария, бұғазды кешіп, тарпып, діттеген жеріне жетіп тынатын мінезділігі меңзелетін «бұғаз мойнақ су соқпақ» тіркесінің де өзіндік терең мағынасы бар» [11].

Эпитет автордың сипатталған тақырыпқа немесе құбылысқа қатынасын білдіруге көмектеседі. Әрбір салыстыруда оқырман автор құрастырған көркемдіктің бір бөлігін өзі құрастырып алғандай, яғни бейнені қайта жасайды: «Қара аспанды бұлт керуен тұтас торлап, жарқ-жұрқ жай отымен жер жаһанды жасқайды. Бұршақ аралас жаңбыр құйды. Кенет бұлт ішіндегі бұлқынған аждаһадай найзағай ұшқыны тиіп, өліп кетсе-дағы қыз асық сезімге шала мас» [2, 191 б.]. Осыдан кейін кейіпкер Мамырдың «Оның қайғының қарасуына батып кетердей мәжнүн кейпін анық көрген Мамырдың ойына бір адам сенбес қиял келді. Қиссадағы Жүсіптей Қалқаман. ...Қалқаманды өзі көндірді» [2, 190 б.], - деген әрекетіне оқырман өз шешімін айта алады.

Метафора жазушыға шығарма әлемінің тұтас бейнесін жасауға көмектеседі: «Тобықтылар темірқазық аумаса түбі Қалқаманды іздеп шығу көкейінде еді. Көк жұт бөгеді» [2, 193 б.].

Литота және гипербола сияқты тәсіл шығарма авторына кейіпкердің мінезін градациямен көрсетуге мүмкіндік береді, ал градация кейіпкерлердің эмоционалды күйі мен мінез-құлқындағы ең кішкентай өзгерістерді сипаттауға мүмкіндік береді: «Құба қалмақ ханы Цеван Рабданның үлкен ұлы Халдан Церен әскері жеті басты аждаһадай қоршай төніп, бейбіт жатқан қазақ халқының үштен екісін жойып жіберді. ... Бұрынғы бес қарудың заманында найзалы қазақ ерлері дүрбеленде дұшпанға дес бермеуші еді. Жоңғар әскері кілең мылтық, от қарудан атып, қорғасын оқты жаңбырша жаудырды. Алауласқан ер қазақтың аман қалғаны аты ауыздығымен су ішіп, жүре соғысып, құлай шегінген» [2, 194 б.]. Қалқаманды іздеуге мұрша бермеген себепке үңілтемін деп жазушы оқырманын байқатпай ғана эпикалық мазмұнға жетелеген.

Көркем образда контраст жасауға мүмкіндік беретін стилистикалық әдіс – оксюморон: ол авторға, қарама-қайшы және күрделі бейнені жасауға көмектеседі, мысалы Қалқаманның құрдасы «елі жаназасын тірісінде шығарып қойған» Итбақа. Немесе Қалқаманның диуанаға айтқан жауабында

кездеседі: «Өлген ер жер таңдамайды. Өлсем, көрім руымнан бөлек болсын! Бір өлгенмін, енді оңайшылықпен өлер ме екемін» [2, 193 б.].

Даралау көркем бейнені қауымнан айрықшалау арқылы оқырманға түсінікті етеді. Мысалы, «Ереймен мен Ақынай» әңгімесіндегі арақтың әсерінен әлсіздік танытқан Ерейменін: «Құдай қосқан қосағын Ақынай шешекке аунаған бұландай қылмақ, мәртебесін ханға теңгеріп, асырып-ақ жібереді» [3, 70 б.]. Біздіңше, әлем әдебиетінде жоқ ерекше кейіпкер осы Ақынай. Қазақ тарихындағы соғыс зұлматын көтере білген қазақ әйелі бейнесін автордың көкірек көзі: «Ері шалдығып сұлап жатқан тұс Ақынайға ханның ақ ордасынан кемшіні жоқ. Жалғыз бақанмен тігілген қос Ерейменнің сығанағы, желдің өті, күннің көзі, судың тамшысынан қорғайды. Соғыстан оралмаған өңшен көкке шыққан өрімдей қазақ жігіттері, моласы қайда? Ақынай мұны ешқашан ұмытпайды. Ереймен ғайыптан құдіреттің күшімен оралған» [3, 70 б.], – деген сөз кестесімен ұлт тағдырына астастырып, сыйыстырған.

М. Котовичтің пікірінше: «әртүрлі бұрылыстар бір-бірімен өзара әрекеттесу арқылы экспрессияны күшейте алады. Мысалы, ауызша портрет шеңберінде эпитет, салыстыру және метафора көбінесе бірлікте әрекет етеді: эпитет пен салыстыру метафоралық болуы мүмкін, ал метафораны жасырын салыстыру ретінде анықтауға болады» [12, 66 б.]. Бұны Айгүл Кемелбаеваның сөз өрнегінен тани аласыз: «Көктегі әр жұлдыздан бөлек жұққан гүл түсті доғадай иіп, бір арнаға тоғыстырған не құдірет» [2, 189 б.]; «Бұл есте жесір дауы емес, кесірді аластау! Жеті атаңнан қаракөк үзілмеген. Қан сұйылса, көкше бөрілігіңнен дым қалмас, қортық тумай қайтеді? Қарыстан сүйем жақын болса да сөйт, әз баба! Сынықтан басқаның бәрі жұғады, иманды би болсаң, ел қамын ойла, кәне» [2, 192 б.]; «... Қалқаманды оқ байлау жазасына кесті: құныкер жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай көздеп атсын. Қалқаман тірі кетсе, қайта жаза жоқ. Көкенайдың құралайды көзге атқан атқышшыл ер екенін ел анық біледі» [2, 192 б.]. Тарихи тақырыптың неліктен «Көкенай мен Қалқаман» әңгімесіне айналғанын, Тұлға кейіпкерлер Көкенайдан қан тазалығын сақтаған және Қалқаманнан нағашыға кетіп, әулеті өркендеп, өз жұртына оралған құндылық туралы көркем шежірені сомдағанын бағамдайсыз.

Қорытынды. Зерттеулер нәтижесінде қоғамымызда соңғы бес-он жылда әртүрлі әлеуметтік топ әрекеті шығарма арқауы болғанын, жеке тұлға тағдыры шығармашыл адамның басты назарында болғаны ескерілді. Мақалада талданған туындының тарихи поэтика мәселесін қамтығаны қарастырылды. Көкенай, Қалқаман, Ақынай бейнесі арқылы ұлт, адамзат құндылығына әсер ететін фактор анықталды. Тарихи мәнмәтінді құру үшін автордың көркемдік стилі тарихи деректермен өзара бірлесімде болатыны көрсетілді.

Жазушы Айгүл Кемелбаеваның жазушылық шеберлігі жайында жазылған алғашқы мақалаға қырық жыл болып қалғанына бір жағынан таңданыспен қарадық [13, 34 б.]. Жазушының әрбір жаңа әңгімесі оны жаңадан тануымызға жетелейді. Шеберлігі шындалса да, жас жазушыдай, жаңадан танылған жазушыдай қабылдайтынымызды жасырмаймыз. Оның себебі заманауи құндылықтарды дәстүрлі құндылықтарымызбен жымдастыра білген автор ресурсында деп білеміз. Сонша жылда шығармашылық деңгейі көркейіп дами түспесе, баяуламағанын байқатты.

Жазушы Айгүл Кемелбаеваның шеберлігі деп қай әдісті таңдасын немесе туындысының қайсысы болсын автор атынан ешқандай шешім тықпаланбай, оқырманның өзін ойландыратын көркем тәсіл қолдануы деп бағалаймыз, көбіне оқырманы шешімге өзі келе алатын бағытты таңдайтыны байыпталды. Әдебиеттанушылардың тарихи поэтика мәселелеріне арнайы материал топтастырып зерттегенімен [14], [15] салыстырмалы талдап көріп, қорытындыладық.

Владимир Захаровтың: «Қазіргі отандық әдебиеттанудағы тарихи поэтиканың эволюциясы көбінесе жеделдету инерциясымен анықталады. Тарихи поэтиканың даму әлеуеті таусылған жоқ, бірақ жаңа идеялар, тұжырымдамалар, түпнұсқа зерттеулер қажет» [4, 11 б.], - деген пікірі негізінде қазақ әдебиеттануына бір үлес қостық деп санаймыз.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Современная литература стран СНГ: антология, 2-том [Текст]. – Москва : «ОГИ», 2023. – 1174 с.

2 **Кемелбаева, А.** Көкенай мен Қалқаман [Мәтін] // Абай. – 2012. – № 1–4. – Б. 188–195.

3 **Кемелбаева, А.** Ереймен мен Ақынай [Мәтін] // Тұмар. – 2012. – № 4. – Б. 68–75.

4 **Захаров, В.** Снова о перспективах изучения исторической поэтики [Текст] // Проблемы исторической поэтики. – 2018. Т. 16. № 1. –С. 7–16 [Электронный ресурс]. URL: https://poetica.pro/files/redaktor_pdf/1522935865 (дата обращения 10.06.2021).

5 **Сыбанбай, С.** Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы [Мәтін]. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/36955/t-uelsizdik-d-uigindegi-aza-prozasy> (қаралған күні 27.03.2023).

6 **Қодар, Ә.** Айгүл Кемелбаева жөнінде бірер сөз [Мәтін] // Тамыр журналы. – 2012. – № 30 [Электронды ресурс]. URL: <http://tamyg.org/?p=1735> (қаралған күні 15.10.2012).

7 Историческая поэтика : учебное пособие [Текст] / сост. Е. А. Федорова ; Ярослав. гос. ун-т им. П. Г. Демидова. – Ярославль : ЯрГУ, 2019. – 88 с.

8 **Гринцер, П.** Историческая поэтика. Литературные эпохи и типы художественного сознания [Текст]. – Москва: Наследие, 1994. – 512 с.

9 **Тамарченко, Н.** Теория литературы (в двух томах) [Текст]. – Москва : Академия, 2004. – 286 с.

10 **Светличная, А.** Художественный образ и средства его создания / [Текст] : непосредственный // Молодой ученый. – 2020. – № 16 (306). С. 213–215. [Электронды ресурс] URL: <https://moluch.ru/archive/306/69038/> (дата обращения: 13.07.2023).

11 **Кабдуллина, А.** Ис тағдырға сызылса [Мәтін]. [Электронды ресурс]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/anar-kabdullina-is-tagdyrga-syzylsa_14399 (қаралған күні 10.02.2016).

12 **Котович, М.** Языковые средства создания персонажа в художественном произведении [Текст] // Идеи. Поиски. Решения: сборник статей и тезисов IX Междунар. науч. практ. конф. – 2015. – С. 64–68.

13 **Досжанов, Д.** Айгүл Кемелбаеваның «Динаға арналған сый» повесі туралы [Мәтін] // Жалын. –1984. – № 6. – Б. 34–35.

14 Проблемы исторической поэтики [Текст] // Петрозаводский государственный университет. –2021. – № 19 (4). – С. 213–215.

15 **Prior, S.** Historical Poetics, in J. Frow (ed.) [Text]. – The Oxford Encyclopedia of Literary Theory: Oxford University Press, Oxford, 2022. – pp.1864-1878. <http://dx.doi.org/10.1093/acrefore/9780190201098.013.1108>

References

1 Sovremennaya literature stran SNG: antologiya, 2-tom [Modern literature of the CIS countries] [Text]. – Moscow : «OGI», 2023. – 1174 p. (In Russ.)

2 **Kemelbaeva, A.** Kokenai men Kalkaman [Kokenai and Kalkaman] [Text] // Abai. – 2012. – № 1–4. – pp.188–195. [in Kazakh]

3 **Kemelbaeva, A.** Ereimen men Akynai [Ereyim and Akynai] [Text] // Tumar. – 2012. – № 4. – pp 68–75. [in Kazakh]

4 **Zakharov, V.** One More Time About the Perspectives of the Study of Historical Poetics. In: Problemy istoricheskoy poetiki [The Problems of Historical Poetics], 2018, vol. 16, no. 1, pp. 7–16. Available at: https://poetica.pro/files/redaktor_pdf/1522935865.pdf (accessed on June 10, 2021). URL: https://poetica.pro/files/redaktor_pdf/1522935865 (In Russ.)

5 **Sybanbai, S.** Tauelsizdik dauirindegi qazaq prozasy [Kazakh prose in the era of independence] [Text]. URL: <https://qazaqadebieti.kz/36955/t-uelsizdik-d-uirindegi-aza-prozasy> (date of publication 27.03.2023). [in Kazakh]

6 **Qodar, A.** Aigul Kemelbaeva joninde birer soz [A few words about Aigul Kemelbaeva] [Text] // Tamyр journaly. – 2012. – № 30. URL: <http://tamyр.org/?p=1735> (date of publication 15.10.2012). [in Kazakh]

7 Istoricheskoi poetiki : uchebnoe posobie [Historical poetics] [Text] / sost. E. A. Fedorova ; Yarosl. gos. university im. P. G. Demidova. – Yaroslavl : YарGU, 2019. – 88 p. (In Russ.)

8 **Grinsher, P.** Istoricheskoi poetiki. Literaturnye epoxi I tipy xudojestvennogo soznaniya [Historical poetics] [Text]. – Moscow : Nasledie, 1994. – 512 p. (In Russ.)

9 **Tamarchenko, N.** Teoriya literatury (v dvux tomax) [Theory of literature] [Text]. – Moscow : Akademiya, 2004. – 286 p. (In Russ.)

10 Svetlichnaya, A. Xudojestvennyi obraz I sredstva ego sozdaniya /: neposredstvennyi [Artistic image and means of its creation] [Text]// Molodoi uchenyi. – 2020. – № 16 (306). – pp. 213–215. URL: <https://moluch.ru/archive/306/69038/> (date of publication: 13.07.2023). (In Russ.)

11 **Kabdullina, A.** Is tagdyrga syzylsa [If the case is drawn to fate] [Text]. URL: https://adebiportal.kz/kz/news/view/anar-kabdullina_istagdyrgasyzylsa__14399 (date of publication 10.02.2016). [in Kazakh].

12 **Kotovitch, M.** Yazykavye sredstva sozdaniya personaja v xudojestvennom proizvedenii [Linguistic means of creating a character in a work of fiction] [Text] // Idei. Poiski. Resheniya: sbornik statei I tezisov IX Mejdunar. nauch. prakt. konf. – 2015. – pp. 64–68. (In Russ.)

13 **Dosjanov, D.** Aigul Kemelbaevanyn «Dinaga arnalgan syi» povesi turaly [About the story of Aigul Kemelbayeva «gift for Dina»] [Text] // Jalyn. – 1984. – № 6. – pp. 34–35. [in Kazakh]

14 Problemy istoricheskoi poetiki [The problems of historical poetics]// [Text] // Petrozavodsk state university. – 2021. – № 19 (4). – pp. 213–215. (In Russ.)

15 **Prior, S.** Historical Poetics, in J. Frow (ed.) [Text]. – The Oxford Encyclopedia of Literary Theory: Oxford University Press, Oxford, 2022. – pp.1864–1878. <http://dx.doi.org/10.1093/acrefore/9780190201098.013.1108>. (in English)

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*Б. Ә. Бісқақ

Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Принято к изданию 30.11.23.

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПОЭТИКА В КАЗАХСКОМ РАССКАЗЕ

В статье рассматривается проблема исторической поэтики в современном казахском рассказе. Полагаем, что в рассказах писательницы Айгул Кемелбаевой «Кокенай и Калкаман», «Ереймен и Акынай» прослеживается синкретизм образного мышления в литературоведении и его формы, и в казахской прозе, она связывает исторические ценности с современностью, и выражает культурное богатство поколениям для обогащения и переосмысления традиционного наследия. Поставив перед писателем задачу – познать художественную модальность в поэтике как литературоведом, так и творческой личностью, с точки зрения гражданской позиции через употребляемое автором слово – исследовать, предлагаем со своей стороны проблему, по которой сюжет является фактором, создающим художественную модальность в поэтике. В русском литературоведении ученый-исследователь Н. Д. Тамарчинко во втором томе «Теория литературы» дает следующее теоретическое обоснование данной проблемы из понимания исторической поэтики, дополняющей теоретическую поэтику. Важно то, что труд, созданный сто лет назад русским ученым А. Н. Веселовским, который продолжает развивать этот поиск, является первым учебным пособием для культурологов, историков, литераторов по исторической поэтике. Основными проблемами этой области теоретического литературоведения являются как сама литература, так и ее значимые категории: автор и герой, слово и образ, сюжет, жанры и др. Мы можем проанализировать на сравнительном материале двух авторов, которые охватывают все этапы развития литературы и пишут на одну и ту же тему, и связать с произведением конкретного писателя. После этого несколько литературоведов, писателей, комментировавших рассказы Айгул Кемелбаевой «Кокенай и Калкаман», «Ереймен и Акынай», подвели итоги поиска и на этой основе получили возможность дифференциации в работе по текстоведению и анализу текста.

Мы продолжили выводы проблемы теоретической поэтики, рассмотренные ученым-исследователем А. Федоровой в работе по

обобщению анализа исторической поэтики в русской литературе. Это позволило изучить современное мышление автора в рассматриваемой нами казахской повести к традиционной исторической реальности, по-новому взглянуть на судьбу героя. Поэтому через рассказ писательницы Айгул Кемелбаевой проблема исторической поэтики в художественном тексте раскрывается с достаточным доказательством. При изучении темы была выбрана проблема самореализации и самосознания человека в художественном творчестве. Рассмотрена энергетика текста автора. Были учтены синергетические аспекты восприятия литературного произведения. Мы выполнили цель рассмотрения теории литературы как способа и средства проникновения в смысл конкретного художественного произведения. Руководствовались тем, что сравнительно-исторический метод помогает понять природу, причины и последствия исторических изменений, а также раскрыть закономерности исторического процесса.

Ключевые слова: теоретическая поэтика, историческая поэтика, лингвистические средства, создание художественного образа, современный казахский рассказ, художественный текст, авторская транскрипция, писатель Айгул Кемелбаева.

**B. A. Yskak*

Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Accepted for publication on 30.11.23.

HISTORICAL POETICS IN THE KAZAKH STORY

This article discusses the problem of historical poetics in modern Kazakh speech. We believe that in the stories of the writer Aigul Kemelbaeva «Kokenai and Kalkaman», «Ereymen and Akynai», the syncretism of image thinking in literary studies and its forms are expressed in Kazakh prose in its own Kazakh style and reflected in the context of the synthesis of world literature. Having set the task of recognizing the artistic modality in poetics by the word used by the author-the study of the writer, both as a literary critic and as a creative person, and from the point of view of civic position, we propose, for our part, the problem of the plot as a factor in creating the artistic modality in poetics. The theoretical justification of this problem we have received from the understanding of historical poetics, complementing the theoretical poetics considered in Russian literary

studies by the researcher N. D. Tamarchinko in the second volume «Theory of Literature». The work, created a hundred years ago by the russian scientist A. N. Veselovsky, which developed and continued to study the same search, is important because it is the first textbook on historical poetics for culturologists, historians, and literati. The main problems of this branch of theoretical literary criticism are both the literature itself and its significant categories: author and character, word and image, plot, genres and so on, covering all stages of the development of literature and writing on the same topic, we can analyze two authors on comparative material and relate them to the work of a particular writer. After that, several literary critics, writers who commented on the stories of Aigul Kemelbayeva «Kokenai and Kalkaman», «Ereymen and Akynai» summed up the results of the search on the same basis with the possibility of differentiation in the work of textual science and text analysis.

We continued the conclusions of the problem of theoretical poetics, considered by the research scientist A. Fedorova in his work, which summarized the analysis of historical poetics in Russian literature. This made it possible to study the modern thinking of the author in the Kazakh story we are considering in the traditional historical reality, the expression of the branches of the fate of the hero in a new way. Therefore, through the story of the writer Aigul Kemelbayeva, the problem of historical poetics in a literary text is revealed with sufficient evidence. In the study of the topic, the problem of self-programming and self-realization of a person in artistic creativity was chosen. The energetism of the author's text was considered. The synergistic aspects of the perception of a literary work were taken into account. We have fulfilled the goal of considering the theory of literature as a way and means of penetrating the meaning of a specific work of art. It was guided by the comparative historical method – the one that helps to understand the nature, causes and consequences of historical changes, as well as to reveal the laws of the historical process.

Keywords: theoretical poetics, historical poetics, linguistic means, creating an artistic image, artistic text, author's transcription, modern Kazakh story, writer Aigul Kemelbayeva

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz